ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАЛҚАШ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ АТЫНДАҒЫ № 15 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ № 15 ИМЕНИ АЛИХАНА БОКЕЙХАНОВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА БАЛХАШ УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2024 жылғы 02 қыркүйек № 60

Балқаш қаласы город Балхаш

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен білім ұйымдарында ішкі тәртіптік қағидаларының бұзушылығын болдырмау мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылдың 18 қарашасындағы №410-V ҚРЗ және Қарағанды облысының білім басқармасының 2020 жылғы 26 тамыз №260 бұйрығы, Балқаш қаласының білім бөлімінің 2020 жылғы 08 қыркүйек №226 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп-лицейде төмендегі аталған шараларға ақша қаражатын жинауға жол берілмесін:
   - жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, оқытушылар құрамына сыйлықтар, аттестациялар, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы басқа да мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын.
   - кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;
   - концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет көрсетуге ақша жинауға;
   - мерекелік күндері оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата-аналар мен оқушылардан қаражат жинауға;
   - мерекелік күндерге білім беру ұйымдарын безендіру үшін ақша жинауға;
   - тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;
   - жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымның өнімдерін өндіруге;
   - мектеп-лицей қызметкерілерімен бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интелектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлем ақы жинауға жол бермеу;
2. Тәрбиелеу жұмысын орындау аясында мектеп-лицей ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерінің мәдени-көпшілік шараларға қатысуы үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қатысуысыз өткізілісін (театрларға, көрмелерге, мұражайларға қатысу);
3. Мектеп-лицей қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында

000066

түсіндіру жұмыстары жүргізу директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Бейсекина Кулзия Алшымбековнаға, Тасимбеков Нурлан Умыргалыулына, мектепке дейінгі тәрбие "Таңшуақ" шағын орталығының әдіскері Бидайбекова Айнагуль Ерлановнаға және сынып жетекшілерге жүктелсін.

4. Ата-аналардан заңсыз ақша жинаған сынып жетекшілер, мұғалімдер, тәрбиешілерге тиісті шаралар қабылдансын;
5. Оқушылардың және қызметкерлердің, кәсіби және өзге де ерекшеліктерін ескере отырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізу директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Бейсекина Кулзия Алшымбековнаға, Тасимбеков Нурлан Умыргалыулына жүктелсін.
6. Педагогтардың жүктемесі, сабақ кестесі, жұмыс кезіндегі ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру және бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу мақсатында мектеп-лицейішілік факультатив ұйымдастыру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Тлеубекова Камшат Жарылкаганкызы.
7. Кәсіби түрлі аттестаттауды уақытылы жүргізу, педагогтарды дер кезінде ұлттық біліктілікті тестілеу талаптарымен таныстыруды ұйымдастыру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Буденова Салтанат Курмангалиевнаға жүктелсін.
8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және Қарағанды облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Сарыарқа – адалдық алаңы» облыстық жобасы аясында «Адал ұрпақ» клубын ұйымдастыру Жәнібек Айшабибі Болатбекқызына және мектеп-лицей педагог-психологтары Олжабай Назгуль Олжабайқызына, Мынбаева Салтанатқа, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бейсекина Кулзия Алшымбековнаға, Тасимбеков Нурлан Умыргалыулына жүктелсін.
9. «Сарыарқа-адалдық алаңы» облыстық жобасы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқаратындықтан мектеп-лицейде «Адалдық» дүкенін 2024-2025 оқу жылында жалғастыру, «Экономика және қаржылық сауаттылық негіздері» курсы Анар Нурбековна Рахимберлинаға , «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» Гүлстан Тукайға жүктелсін.
10. Кіші шаруашылық қызметкерлері арасында мемлекеттік мүлікке көзқарас, сыбайлас жемқорлық туралы түсіндіру Серикбеков Данияр Жумашевич, Академиялық адалдық ұғымдары жайында тесттер, анкета, семинарлар өткізу мектеп – лицей психолгтары Олжабай Назгуль Олжабайқызына, Мынбаева Салтанатқа жүктелсін.
11. Мектеп-лицей ұжымына қаражатты заңсыз жинауға жол бермеу туралы бұйрық шығару, мектеп-лицей ұжымымның таныстырылғандығы туралы хабарлау іс қағаз жүргізушісі Сламғалиева Жұлдызай Ерғазықызына жүктелсін.
12. Осы бұйрықпен барлық педагогтерді таныстыру директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Исаинова Мереке Байжигитовнаға жүктелсін.
13. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Мектеп-лицей директоры** **А.Токейбекова**